

ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси апталық газеті

ҚАЗАҚТЫ 42 ЖЫЛ БИЛЕГЕН ХАҚНАЗАР ХАН



Қазақ этносының этникалық сипаттағы мемлекеті ретінде тарих төріне көтеріліп, XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейінгі аралықты қамтыған Қазақ хандығының Тәуке ханның өлімінен кейін бытыраңқылық кезеңі басталған-ды. 250 жылға созылған алғашқы кезеңде Қазақ хандығында он жеті хан билікте болған. XV ғасырда үш хан (Керей хан, Жәнібек хан және Бұрындық хан), XVII ғасырда бес хан, ал XVI ғасырда тоғыз хан биліктің тізгінін ұстайды. Осы XVI ғасырдағы тоғыз ханның бірнешеуінің ғана есімдері қазақ тарихында ерекше айтылады. Олар – Қасым хан, Хақназар хан және Тәуекел хан.

XVI ғасырдың екінші онжылдығында Жәнібекұлы Қасым хан қазақ мемлекетінің туын биікке көтеріп, әлемге танытса, оның ұлы Хақназар хан сол ғасырдың орта тұсы мен екінші жартысында хандықтың жығылған туын қайта көтеріп, қазақтың басын біріктірген тұлға ретінде тарихта қалды. Қазақ хандығының тарихын алғаш зерттеушілердің бірі – В.В. Вельяминов-Зернов Хақназарды хандық тарихындағы «қайта өрлеудің» басты тұлғасы деп бағалайды.

Тарих ғылымында әлі күнге дейін Хақназар ханға арналған арнайы монографиялық зерттеу жұмысы жоқ. Тек 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеуге байланысты Хақназар ханға арналған жеке мақалалар бірнеше жинақтарда жарық көрді. Хақназар хан (парсы деректерінде – Хакк-Назар, Хақназар, орыс деректерінде – Ак-Назар деп жазылады) – Қасым ханның кіші ұлдарының бірі. Қасым ханның үлкен ұлдарының бірі – Мамаш хан, ол туралы дерек мәліметтерінде азды-көпті айтылады. Қадырғали Жалайырдың мәліметі бойынша оның анасының есімі – Ханық сұлтан – ханым. Хақназар ханның нақты қай жылы дүниеге келгені белгісіз, бірақ Т.И. Сұлтанов «Мұхаммед Хайдар Дулати бойынша Қасым хан 1518 жылы қайтыс болған, олай болса Хақназар хан 1519 жылға дейін дүниеге келген» деп есептейді. Ал ортағасырлық тарихшы Гаффаридің 1564/65 жылы жазылған шығармасында Қасым ханды 1523-1524 жылы (хижра бойынша 930 жыл) қайтыс болған деп көрсетеді. А.Исин орыс деректерінің мәліметтеріне сүйене келе, Қасым ханның қайтыс болған жылын 1521 жыл деп нақты көрсетеді. Сол себепті Хақназар хан 1510-1520 жылдар аралығында өмірге келген деп болжауға болады.

Жазба деректерде Хақназар ханның билікке келгенге дейінгі өмірі туралы мәлімет жоқ, тек ауыз әдебиетінің материалдарында Хақназардың қазақ билігіне келгенге дейін ноғайлар мен башқұрттардың ханы болғандығы айтылады. Башқұрт старшыны Қ.Мулакаевтың айтқаны мен А.Левшиннің аңызындағы Акназар хан жөніндегі мәліметтерді жазба деректермен салыстыра келе, В.В. Вельяминов-Зернов оның қазақ ханы Хақназар екендігіне көзін толық жеткізеді. Хақназар хан туралы тұжырым айтушы тарихшылар оны теріске шығармайды, керісінше одан әрі дамыта түседі. Мысалы, 1943 жылғы «Қазақ ССР тарихында» бұл тұжырым былайша кеңейтіледі: «Хақназар – хан өзінің балалық және жасөспірімдік кезін ноғайлар арасында өткізді. Сонда жүріп ол әскери өнерді меңгерді және қолбасшылық дарынын дамытты».

Күні бүгінге дейін ешбір зерттеуші Хақназар ханның ноғайлар арасында болғанына қатысты жөнді уәж айтқан емес. Ал Ноғай Ордасы тарихының маманы В.В. Трепавлов бұл туралы: «1523-24 жылдан... кейін ноғайлар бұрынғы жеңілістері үшін кек алу мақсатында қазақтарға шабуылдар жасай бастады. Бірнеше қазақ сұлтандары қаза тапты. Қасым ханның ұлы Хақназар бір ноғай мырзасының ұлысында (тұтқын ретінде?) болды», – деп екіұштылау айтып өткен.

XVI ғасырдың алғашқы жылдары атақты ноғай биі Мұса қайтыс болған соң оның мұрагерлері арасында алауыздық пайда болып, ел бірлігі әлсірей бастайды. Осындай

жағдайды жақсы пайдаланған Қасым хан билігінің соңғы 3-4 жылын хандықтың батыс бөлігінде өткізіп, хандықтың шекарасын Еділ өзеніне дейін кеңейтеді. 1521 жылы Қасым хан қайтыс болып, оның мұрагері Мамаш бір жылдан кейін тақ үшін таласта қарсыластарының қолынан қаза тапты. Қарсыластар жап-жас Хақназарға да қауіп төндірсе керек. Қасым хан әулетіне адал берілген адамдар Хақназарды төніп келе жатқан қауіптен сақтап, жас баланы ноғай мырзасына ұзатылған әпкесінің қолында паналатады. Хақназар ханның жас кезінде, 15-16 жылдай ноғайлар арасында болуының себебі осыдан болса керек.

XVI ғасырдың 20-жылдары ноғай ұлыстарында Мұса бидің көптеген ұлдары арасында Шейх-Мұхаммед (Шихым, Сагим, Шағым), Шейх-Мамай, Хажы – Мұхаммед (Қошым), Алшағыр, Сейіт-Ахмед (Сейдақ, Сейтек, Шейдақ) ең зор беделге ие болады. Егер де XVI ғасырдың 20-жылдарында қазақ қоғамында тақ үшін таластар жаңа басталып жатса, ноғай ұлыстарында бұл үдеріс өзінің мәресіне жақындап қалған болатын. Соған байланысты жоғарыда аталған Мұса бидің ұлдары өздері үшін немесе мұрагерлері үшін «бірі хан, бірі би» қағидасына сай келетін хан әулетінің жас өкілін өз ордасында ұстауға мәжбүр болды. Шейх-Мамай да осындай мақсатпен жас Хақназарды ордасында ұстайды. Шейх-Мамайдың ордасында Хақназардан басқа тағы да өзге билеуші әулет өкілдері болады. В.В. Трепавловтың зерттеуінде Хақназармен бірге ноғай мырзасының ордасында сібірлік Ибақ ханның немерелері – Көшім мен Ахмет-Керей сұлтандардың болғандығы жөнінде айтылады.

Хақназар ханның билікке келгенге дейінгі өмірі Ноғай Ордасында өткендіктен, сол елдегі кейбір оқиғалар барысы хан әулетінің өкілі болғандықтан оған әсерін тигізбей қоймайды. Ноғай билеушілері өздерінің мүддесіне сай оны қолданады, пайдаланады. Ноғай Ордасының XV-XVI ғғ. саяси тарихы В.В. Трепавловтың еңбегінде өте жақсы қарастырылған. Хақназар ханның башқұрт жеріндегі билігін В.В. Трепавлов былайша баяндайды: «Сонымен, Шейх-Мамай өзінің тәрбиеленушісі әрі туысы Хақназарды Башкирияға жіберді. Оның (Хақназардың) басқаруы кезінде башқұрттарда ноғай үстемдігінің жүйесі толығымен қалыптасып болды. Р.Г. Игнатьевтің әсерлеп жазғанындай, салықтың күшеюі (бұл жаңалықтың күшті болғаны сондай, халықтың жадында әлі сақталған), мырзалар мен жергілікті ақсүйектердің сатылы басқару жүйесі; мүмкін дәл осы жылдары башқұрттар арасында ислам күштеп таратылды. Жалпы алғанда, Шейх-Мамай мен Хақназардың қатал жаңашыл өзгерістері 1530 жылдары Ноғай Ордасында қолға алынған әкімшілік өзгерістердің арнасына сай жүргізілді».

Хақназар ханға қатысты тағы бір мәселе – оның қай жылы Қазақ тағына отырғандығы. Бұл Қазақ хандығының тарихы үшін маңызды болса да, зерттеушілердің басым бөлігі оны айналып өтеді. 1943 жылғы «Қазақ ССР тарихында» Хақназар ханның қайтыс болған жылы 1580 жыл деп көрсетіледі де, «Хақназар ханның билігі 20 жылдай болды», – делінеді. Академиялық басылым авторларының пікірінше, Хақназар хан шамамен 1550 жылдар аяғында билікке келген. 1969 жылғы МИКХ-тың (Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков) «Ескертулерінде» Хақназар ханның билік құрған жылдары деп 1538-1580 жылдар көрсетілген. Ғылыми жағынан салмағы өте ауыр жинақтың ықпалымен қазіргі кезеңдегі Қазақстан тарихының оқулықтарының бәрінде 1538 жыл – Хақназар ханның билікке келген жылы деп жазылып жүр. Қазақ хандығы дәуірінің белгілі зерттеушісі М.Әбусейітова бұл датаға 1540 жылдардың соңын жатқызады. Т.И. Сұлтанов та осы пікірді ұстанады. Бұл сұрақ бойынша В.В. Трепавловтың дәлелдеулері біздің көңілімізге қонады.

Хакназар ханның қазақ тағына келгенге дейінгі өмірі ноғайлар арасында, Шейх-Мамайдың ордасында өтеді және Башқұрттарға хан болғаны дәлелденген тұжырым. XVI ғасырдың 20-30-жылдарының ішкі және сыртқы саясаттағы жағдай қазақтар үшін өте қолайсыз болғаны белгілі. Қазақтарға қарсы осы жылдары Шығыс Түркістандағы Моғұлстан билеушісі шағатайлық Абд ар-Рашид хан мен Мауереннахрдағы шибанилық Ұбайдолла хан әскери одақ құрса, 1536 жылы батыста ноғай билеушілері Сейіт-Ахмет пен Шейх-Мамайдың бастамасымен Ноғай Ордасы, Бұхара, Хиуа хандықтарының саяси және әскери одағы дүниеге келеді. Қазақ хандығына қарсы құрылған әскери одақтар қимылға көшіп, бірден нәтижесі байқалады. 1537 жылы Жағат уалаятының шекарасында болған ірі шайқаста қазақтар жеңіліске ұшырап, Тоғым хан және 37 қазақ сұлтаны қаза табады. Шамамен осы жылдары ноғайлармен болған бір соғыста Үсек ұлы Болат сұлтан өз ұлдарымен, Шағым мырзамен болған соғыста Жәдік хан бір ұлымен қаза табады.

Қазақ билеушілерінің ірі жеңілісі барлық көршілес елдерге тарайды. Тіпті, Кашмирдегі Мұхаммед Хайдар Дулати да бұдан хабардар болып, 1541-1543 жылдары жазылған атақты кітабының екінші бөліміндегі 33-тарауда «...Ең ақырында сәтсіз тағдырдың қырсығынан соншама халықтан, міне, бүгін төртінші жыл болып барады, ешбір жерде ізі де қалмапты. Отызыншы жылдары (930 (1524 жылы) қазақ саны мың-мың (миллион) болатын. Қырық төртінші жылы (944 (1537) сонша халықтан бұл жерде еш белгі қалмаған». Бұл мәліметтен 1537 жылды – Қазақ хандығының саяси құлдырауының ең соңғы нүктесі деп қабылдауымыз керек. Т.И. Сұлтановтың есептеуі бойынша Қазақ хандығының «уақытша әлсіреу» жылдарындағы ішкі талас-тартыстар мен сыртқы қарсыластармен күрестерде алпыстан астам қазақтың хандары мен сұлтандары қаза тапқан екен.

Қазақ хандығындағы жағдайды Ноғай Ордасы тез пайдаланады. Бұл туралы В.В. Трепавлов былай деп жазады: «Ноғай соғысының ноғайлар үшін нақты нәтижелерінің бірі – қазақ тағын иеленуге мүмкіндіктің тууы еді. Дәл осы кезде таққа Хакназар отырғызылады». Демек, Хакназардың Қазақ хандығының тағына келген жылы – 1538 жыл деген пікір шындыққа жақын.

Хакназар ханның 40 жылдан астам билігінің алғашқы он жылдығы туралы ешқандай мәлімет ауызша не жазба деректерде кездеспейді. М.Қ. Әбусейітованың көрсетуі бойынша Хакназар хан туралы алғашқы жазба мәлімет хижра жыл санауы бойынша 955 жылға, ал біздің жыл санауымызбен 1548/1549 жылға сәйкес келеді. Мұнда Хакназар оғланның Әмудариядан жүзіп өтіп, Пул-и Хатун түбіндегі шайқасы туралы баяндалады.

Зерттеушілердің жазуынша, Хакназар хан тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы саясаттағы белсенділігі XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап байқала бастайды. XVI ғасырдың екінші жартысының алғашқы жылдары-ақ Хакназар хан көршілердегі саяси қайшылықтарды өз пайдасына қолдана бастайды. Бұл кезеңде Қазақ хандығының батыстағы көршісі – Ноғай Ордасында, оңтүстіктегі басты қарсыласы – Мауереннахрдағы Шайбан әулетінде және Шығыс Түркістанда шағатайлық Абд ар-Рашид ханның қайтыс болғанынан кейін қалыптасқан ішкі саяси жағдайлар Қазақ хандығына бұрынғы жоғалтқан позицияларын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Хакназар хан көрші елдердегі қалыптасқан саяси жағдайларды шебер пайдалана отыра, қазақ халқының этникалық аумағын қайта жинауға кіріседі.

XVI ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының Ноғай Ордасымен, Шығыс Түркістандағы шағатай әулетімен, Мауереннахрдағы шайбани әулетімен жасаған қарым-қатынастарында белсенділік көрсетуін, ең алдымен Хакназар ханның билігі тұсында қазақ қоғамындағы билеуші әулетте саяси бірліктің сақталғандығын байқаймыз. Екіншіден,

мемлекет басқару ісі, билеуші әулет өкілдерімен, жергілікті ру-тайпа басшыларымен қатынас мәселесінде Хақназар хан тәжірибе жинақтап, әкесі Қасым хан тұсындағыдай, зор беделге ие бола бастайды. Оның бір көрінісіне XVI ғасырдың екінші жартысында Мауереннахр мен Дешті Қыпшақтағы тарихи оқиғаларды баяндау барысында ортағасырлық автор Хафиз Таныштың қазақ билеушілерін былайша сипаттауы жатады: «Хақ-Назар-хан, Жалым-сұлтан, Шығай-сұлтан, Достай-сұлтан секілді қазақ билеушілері (падишахан-и казак) басқа да бауырларымен және ұлдарымен Талас өзенінің бойында орналасты». Бұл сипаттау Мұхаммед Хайдар Дулатидың 1513 жылы Сайд-ханның Шу бойындағы Қасым ханның ордасына келген кезде оны күтіп алуға шыққан қазақ билеушілерінің аты-жөндерін рет-ретімен баяндауына ұқсайды. Онда былай делінген болатын: «Қасым хан жасының ұлғаюына байланысты ханды қарсы ала алмайтынына кешірім өтініп, Жошы әулетінен тараған кейбіреулерінің жасы елу мен алпысты алқымдап қалған отыз-қырық сұлтанды, солардың ішінде Жаныш хан, Таныш хан, Мамаш хан, Жан Хайдар сұлтан, Қарыш сұлтан және тағы басқаларға тізе бүгіп, құрметпен қарсы алсын деп бұйырды». Мұсылман авторларының екі мәліметіндегі баяндаудағы ортақ белгіге – қазақ билеушілері есімдерінің жасы мен беделіне қарай берілуі жатады. Сондай-ақ, осы жылдардағы орыс тіліндегі деректерде де осы қағидат сақталынып, қазақ билеушілерінің есімдері «Хақназар хан, Шығай сұлтан, Жалым сұлтан және тағы басқа сұлтандар» деп ретімен айтылады.

Хақназар хан тұсындағы қазақ-ноғай қарым-қатынасының негізгі өзегін жер мәселесі құрады. Қасым хан тұсында Еділ өзеніне дейін кеңейген қазақ шекарасы, одан кейінгі «уақытша әлсіреу» жылдары Арал теңізінің солтүстігіндегі жерлерге, Ырғыз өзеніне дейін қысқарған болатын. Хақназар ханның батыс бағыттағы саясатының басты мақсаты – Қазақстанның батыс бөлігіндегі жерлерді қайтару болды.

XVI ғасырдың 20-40 жылдарындағы Ноғай Ордасындағы тұрақтылық 1549 жылы ноғай биі Шейх-Мамай қайтыс болғаннан кейін саяси тұрақсыздыққа ауысады. Билікке Мұса бидің кіші ұлдарының бірі – Жүсіп келеді, ал інісі Исмайыл мырза нұраддин болып тағайындалады. Жүсіп пен Исмайыл арасындағы қатынас күрделі түрде дамып, әсіресе Мәскеу патшалығының Қазан хандығына қарсы жүргізген саясатына байланысты қатты шиеленісіп кетеді. Ноғай мырзалары би мен нұраддин бастаған екі лагерьге топтасып, жаңа күресті бастайды. Күрес барысында 1554 жылы соңғысы ағасын өлтіріп тынады. Жеңіліс тапқан Жүсіптің ұрпақтары мен жақтастары жан-жаққа қашуға мәжбүр болады. Олардың бір бөлігі Қазақ хандығына қашып, Хақназар ханды паналайды. Хақназар ханға келгендер Шейх-Мамай бидің ұлдары, Жүсіп бидің ұлдары және олардың қоластындағы ру-тайпалар болатын.

Ноғай Ордасынан Алшағырдың немересі, Орақтың ұлы Ғази мырза бастаған рулар бөлініп кетіп, жеке «Кіші ноғай» ордасын қалыптастырады. Ал негізгі бөлік – «Үлкен ноғай» деген атаумен атала бастайды. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, ноғай мырзалары арасындағы саяси дағдарыс елді бір әлсіретсе, 1555 жылы басталған аштық «Үлкен ноғай» халқын есеңгіретіп жібереді.

Біз сөз етіп отырған мәселе бойынша алғашқы дерек – 1557 жылға сәйкес келеді. Осы жылдың шілде айында Исмайыл бидің Мәскеуге жазған хатында былай делінген: «Немере туыстарымның бәрі менен бөлініп, Жайықтың арғы жағында қалып қойды. Олар Қазақ ханына қосылып, менімен соғыспақ. Қолайлы сәтті күтіп отыр». Бұл мәліметтен осы жылдардағы қазақ-ноғай қатынасынан хабардар болып қана қоймай, сонымен бірге жалпы Қазақ хандығы жөнінде ақпараттар алуға болады. Исмайыл бидің қарсыластары Қазақ хандығын паналап, Хақназар ханды Исмайыл биге қарсы соғысуға шақырған секілді.

Өкінішке қарай, одан кейінгі жылдардағы оқиғаларды баяндайтын деректердің тапшылығы қазақ-ноғай қарым-қатынастарының ары қарай қалай өрбігенін нақты көрсете алмайды, тек жалпы сипаттама жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ-ноғай қарым-қатынасынан хабар беретін келесі бір дерек мәліметтері – 1560 жылдарының соңғы жылдарына сәйкес келеді. Бұл кезде Үлкен ноғайлы елінің биі Исмайыл ұлы Дін-Ахмед би (1563-1578 жж. би болған) болатын. Тарихшылардың бәрі дерлік оның жеке басына жігерсіз, батыл емес деп баға береді. 1569 жылы ноғайларға барып қайтқан орыс елшісі Семен Мальцев: «...и Казатцкие орды Акназара царя и Шигая царевича и Челыма царевича, а с ними 20 царевичев, приход их был на Нагай, и был бой писал...», – деп хабарлайды. Осы мәліметке және дәл осы кезеңге қатысты қазақ-ноғай қарым-қатынасын көрсететін басқа да тың мәліметтерге сүйенген В.В.Трепавлов Хақназар хан бастаған қазақ күштерінің ноғайларға қарсы жасаған жорығының уақытын 1568 жылдың күзінде болған деп дәлелдейді. Жорық барысында қазақтар Жем бойындағы ноғайларды Жайыққа қарай ығыстырады. Ноғайларды толық жеңілістен Астраханнан көмекке келіп жеткен орыс патшасының әскері құтқарып қалады. Ноғай-орыс әскерімен болған ұрыста қазақтардың 1-2 сұлтаны қаза тауып, кейін шегінуге мәжбүр болады. Ал 1570 жылы тамыз айында Қырымдағы Мәскеу елшісі Афанасий Нагой Жем мен Жайық өзендері аралығында көшіп-қонып жүрген Шейх-Мамай ұрпақтарына Хақназар ханның келесі жорығын ұйымдастырғанын баяндайды: «А сказывали деи царю, что Казатцкие Орды Акназар царь ногайских мурз Шихмамаевых детей побил...».

1570 жылдары қазақ-ноғай қарым-қатынасы одан әрі шиеленісе түседі. Әскери әрекеттермен қатар, дипломатия да іске кірісіп кетеді.

Ноғай биі Дін-Ахмедтің Қырым ханы мен орыс патшасына жіберген елшілерінің хабарламаларынан және алынған жауаптардан Хақназар ханға қатысты мынадай мәліметтерді көреміз:

Ноғайларға қарсы күрес барысында Хақназар хан Қырым хандығымен байланыс орнатады. Бұл жағдай Дін-Ахмед биге жетеді де, ол Қырым ханына мынадай сипатта хат жібереді. Хақназар хан «Сарайшықты менің жерім деп отыр, ертең ол Сарайшықты алғаннан кейін, одан әрі Қырымды да алмақ ойы бар». Осы хат арқылы Дін-Ахмед би Ноғай Ордасына қарсы Қырым хандығы мен Қазақ хандығы арасында қалыптаса бастаған одақты болдырмауға тырысқаны анық байқалады. 1577 жылдың сәуірінде Қазы мырзаның Қырым ханына жазған хатында қазақтардың Сарайшықты алғаны жөнінде айтылады.

Хақназар хан ноғайларға қарсы күресте XVI ғасырдың 70-жылдарының ортасында Мәскеуге де өз елшілігін жібереді. Ноғайлар жағы бұған наразылық білдіреді де, мынадай мазмұнда хат жолдайды: «Хақназар ханмен және оның атасы Орыс ханмен біздің арғы бабамыз Едіге би қай жерде болмасын үлкен жаулықта болған. Олар сондай біздің жауларымыз. Ал сен қай жылы Бұхар ханының (Ескендір хан, Абдулла ханның әкесі) елшісіне және Азим ханның (Хорезм билеушісі Хажы Мұхаммед хан) елшісіне өз елшіңді қосып жіберіп, Хақназар ханмен достықта болыпсың... Менімен дос бола тұра, олай жасағаның болмайды. Дәулет Герей ханмен бір дінде болсам да, мен онымен байланыста емеспін, ал Хақназар хан мен сен екеуің өзге діндесіндер, достасуларың дұрыс емес». Ал орыс патшасының ноғай биіне жазған жауап хатында Хақназар хан елшілігінің Мәскеуде болғандығы расталады. Ол туралы орыс патшасы IV Иван ноғай биіне жазған хатында айтады. Онда былай делінеді: «...А в прежних летех, как нагайские мирзы от нашего жалованья поотстали были и сложась с крымским царем воевать приходили на нашу».

землю, а в то время Акназар царь присылал к нам своих послов. И мы снова послали были своих служилых татар к Акназар царю казацкому».

Біз бұл келтірген мәліметтерден Хақназар ханның XVI ғасырдың 60-70-жылдары бұрынғы Алтын Орда аумағындағы белсенді саяси күштер – Қырым хандығы, Ноғай Ордасы және Орыс патшалығы арасындағы саяси жағдайлар мен қарым-қатынастарды жіті бақылап отырғанын және қалыптасқан жағдайларға байланысты Қазақ хандығына тиімді, қолайлы жолдарды іздестіріп, соған сай саясат жүргізіп отырғанын көреміз.

Хақназар хан тұсындағы қазақ-ноғай қарым-қатынасынан мәлімет беретін келесі және соңғы дерек – 1577 жылға сай келеді.

1577 жылы 27 шілдеде ноғай Ордасына барып келген бояр ұлы Борис Доможировтың есебінде қазақтарға қатысты мынадай мазмұндағы мәлімет айтылады: «Осы көктемде қазақтар Ақмырза мен Бекмырзаның (Шейх-Мамайдың ұлдары) ұлысын шауып, көп малын айдап кетіп, бес адамын тұтқындапты. Сосын бесінші адамды Дін-Ахмед би мен Орыс мырзаға жұмсап, «Хақназар хан патшамен татулықта, Ташкентпен де, Үргенішпен де татулықта тұр. Хақназар сіздерге соғыс ашады, Жайық пен Еділ бойында көшіп-қонғызбайды» деген сөздерді айтуды тапсырыпты». Бұл мәлімет қазақ-ноғай қарым-қатынасындағы кезекті бір кезеңнен ақпараттар беріп, екіжақты қатынастың сипатын түсінуге жәрдем береді. Хақназар ханның осы жылдары күшейгені соншалықты, ол өзінің түпкі мақсаты – Еділ мен Жайық өзендерінің бойындағы жайылымдарды иелену екенін, яғни Қазақ хандығының батыстағы шекарасын әкесі Қасым ханның билігі кезіндегідей жағдайға жеткізу екенін ашық айтып отыр.

Хақназар хан қазақ жерінің батыстағы шекарасын Еділге дейін кеңейту үшін ноғай билері мен мырзаларымен қалай күрессе, солтүстіктегі шекараны да қамтамасыз ету үшін Сібір ханы – Көшім ханмен де ашық айқастарға шығады.

Қазақ-ноғай қатынасы барысында Хақназар хан Қырым ханымен байланысқа түссе, Сібір хандығымен қатынастың шиеленіскен кезінде Хақназардың Мәскеумен жақындаса бастағаны байқалады. Мәскеу үшін де өз кезегінде бұрынғы Алтын Орда аумағындағы саяси күштер арасында сенімді одақтас қажет болатын. 1560-1570 жылдары Мәскеудің басты қарсыласы Қырым хандығы да, сенімді одақтасы Ноғай Ордасы болса, Сібір хандығының осы жылдары алтынордалық кеңістікте жаңа саяси ойыншы ретінде көрініп, Мәскеуге жаулық ниетте болуы, соңғысына жаңа одақтас іздеуге мәжбүрлейді. Осы жылдары Қазақ хандығының қайта күшейе бастауы Мәскеуді онымен одақтасуға итермелейді. Сондай мақсатпен 1573 жылы Хақназар ханға Третьяк Чебуков бастаған орыс елшілігі үлкен үмітпен аттандырылады. Бірақ ол елшіліктің өз мақсатына жетпегені белгілі. Дегенмен IV Иван мен Хақназар ханның елшілері барыс-келіс жасап қайтады.

Хақназар ханға Мәскеу елшілігінің келгенін және Мәскеуге Хақназар хан атынан қазақ елшілігінің барғанын тарихи деректер дәлелдейді. 1578 жылы ноғай биі орыс патшасына: «...А ты, с таким с Акназар царем в дружбе будучи, на всякой год послы деи посылаешь з бухарским с царевым послом и с Азимовым царевым послом...», – деп реніш білдірсе, орыс патшасы IV Иван былайша жауап хат жазады: «...А в прежних летех, как нагайские мирзы от нашего жалованья поотстали были и сложась с крымским царем воевать приходили на нашу землю, а в то время Акназар царь присылал к нам своих послов. И мы снова послали были своих служилых татар к Акназар царю казацкому...».

«Патшамен және князьбен тату» тұрған Хақназар ханнан қаһарлы Көшім ханның өзі қатты сескене бастайды. Ол орыс елшісімен әңгімесінде оған былай дейді: «Қазір сіздердің Патша ағзамыңызға және ұлы князьге алым жинап, елшілер жіберемін, ал ертең мен қазақ патшасымен соғысамын да, мені қазақ патшасы жеңіп, Сібірге отырар болса, сөз басқа, ол Патша ағзамға алым беруді ойламайды».

Осылайша, Хақназар хан 1580 жылға дейін Қазақ хандығының батыс пен солтүстіктегі шекараларын қалпына келтіру жолында Ноғай Ордасымен, Сібір хандығымен тікелей қатынастарға түсіп, Қырым, Мәскеу билеушілерімен байланыстар орнатады. Оның атақ-даңқы бұрынғы Алтын Орда аумағындағы саяси өмірде өте танымал болады.

Хақназар ханның билігі тұсында Қазақ хандығының жүргізген саясатының тағы бір басты бағыты – оңтүстік және оңтүстік-шығыс бағыт болды. Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысы бойындағы жерлер мен қалалар Қазақ хандығы өте маңызды рөл атқарды. Шаруашылық тұрғыдан алғанда көшпелі қазақ ру-тайпаларының қысқы жайылымдары мен қыстаулары Сырдың сол жағалауында болса, Дешті Қыпшақтың солтүстік бөлігінде табиғи жазғы жайылымдар мен жайлаулар орналасты. Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпалары ежелден Тобыл мен Сыр бойын шаруашылық өмір үшін пайдаланатын. Қазақ хандығына дейін де және Қазақ хандығы тұсында да Сыр бойы үшін дештілік билеушілер мауереннахрлық билеушілермен күрес жүргізіп отырғаны белгілі. Хақназар хан тұсында бұл күрес жалғасын табады.

Хақназар ханның сыртқы саясаттағы алғашқы әрекеті оңтүстік-шығыс бағытта жүрді. Бұл бағыттағы саясат Шығыс Түркістандағы шағатай әулетімен жүргізілді. Шағатайлық хандардың билігі Шығыс Түркістан аумағында болса да, олар Жетісу мен Ыстықкөл маңындағы қазақ, қырғыз тайпаларына үстемдік жүргізуге тырысатын. Жалпы, қазақ-моғол қарым-қатынасындағы ең басты мәселе – осы болатын. «Уақытша әлсіреу» кезеңінде бұл аймақтарға шығыс-түркістандық билеушінің үстемдігі орнағаны белгілі. Хақназар хан мұндай жағдаймен келісе қоймайды. Әзірге тарих ғылымына Хақназар хан мен шағатайлық билеушілер арасында 1556 жылы болған бір ғана шайқас белгілі. Ол туралы Шах-Махмуд Шорас өз еңбегінде баяндайды. Оның айтуынша, Абд ар-Рашид ханның ұлы Абд ал-Латиф сұлтан Жетісу өңіріне кенеттен жорық ұйымдастырып, қазақтарды жеңіліске ұшыратады да, көп олжаны иеленіп, кері қайтады. Хақназар хан қазақтар мен қырғыздардың біріккен күшімен Абд ал-Латифтың соңынан қуып барып, оны талқандайды. Сұлтан шайқаста қаза табады. Мұны естіген Абд ар-Рашид хан көп әскермен Хақназар ханға қарсы аттанады. Емелде шайқас болып, қазақ-қырғыз күштері жеңіліс табады. Автор осы шайқаста Хақназар ханның және көптеген сұлтандардың қолға түсіріліп, өлтірілгенін айтады. Тарихшылар Хақназар ханның өлтірілгендігі туралы мәліметтің қате екендігін растайды. Бұдан кейінгі шибанилармен, ноғайлармен болған қарым-қатынастарда Хақназар ханның есімі дерек беттерінде жиі кездесіп отырады. М.Әбусейітованың пікірінше, 1560 жылдары қазақтар мен моғолдар арасында күрес толастамай, шиеленісе түскен.

...1552 жылы Мауереннахрдағы шибанилар билігіне келген Сүйінішқожа ханның ұлы Наурыз-Ахмед хан төрт жылдан соң қайтыс болады. Міне, дәл осы кезден бастап Хақназар хан Мауереннахрдағы саяси жағдайды жіті бақылаудан нақты іс-әрекеттерге көше бастайды. 1556-1558 жылдар аралығында Хақназар хан үш жыл бойы Ташкентке қауіп тудырып, өңірді талан-таражға ұшыратады. Бұл туралы 1558 жылдың аяғында Бұхараға барып қайтқан ағылшын саудагері Дженкинсон хабар береді. Хақназар хан бұл жылдары Ташкентті ала алмайды, дегенмен оның бұл әрекеті Қазақ хандығының

«уақытша әлсіреу» жылдарынан кейінгі Мауереннахрдағы шибанилық әулетке қарсы жүргізген алғашқы белсенді сыртқы саясаты болды.

Хақназар хан XVI ғасырдың 60 және 70-жылдарында ноғайлармен болған қарым-қатынаста белсенділік танытса, 70-жылдардың соңына таман оңтүстік бағыттағы саясатты жандандырады. Бұл жылдары Мауереннахрда II Абдаллах хан ең күшті саяси күшке айналып, шибанилар иеліктерін бірте-бірте күшпен бағындыра бастаған еді. 1557 жылы ол Бұхараны басып алып, әкесі Ескендірді 1560/1561 жылы Бұхарада хан көтереді. 1573 жылы ол Балхты, 1574 жылы – Хисарды, 1578 жылы – Самарқанды алады. Көп ұзамай Ташкент алынып, онда Наурыз-Ахмед ханның үлкен ұлы Дербіс сұлтан билеуші ретінде отырғызылады. Өкінішке қарай, Наурыз-Ахмед ханның үшінші ұлы Баба сұлтан өзінің туған бауыры Дербіс сұлтанды өлтіріп, II Абдаллах ханға қарсы шығады. Хақназар ханның өмірінің соңғы жылдарындағы жүргізген саясаты мен жасаған іс-әрекеттері осы екі шибанилық билеуші арасында өтеді.

Хақназар хан Баба сұлтан мен II Абдаллах хан арасындағы талас-тартыстарда геосаяси тұрғыда Бұхара билеушісін қолдайды. Өйткені Ташкенттің күшеюі Сыр бойындағы қалалар мен жайылымды жерлерге қауіпті болатын. Кез келген уақытта ташкенттік билеушінің жарлығымен осы маңдағы қазақ ру-тайпалары тонау мен талан-таражға түсетін. Сол себепті де Хақназар ханға іргедегі қарсыласын күшейткеннен гөрі алыстағы қарсыласымен одақтасу тиімді болды. Сол мақсатта Хақназар хан мен II Абдаллах хан арасында «анттасқан одақ» жасалады.

Баба сұлтан өз билігін сақтап қалу үшін небір қитұрқы жолдарды қолданып, біресе Бұхара ханына бағынатынын білдірсе, біресе оған қарсы шығады. Қазақ билеушілерінің саясаты туралы Бұхараға жалған ақпараттар беріп отырады. Ақыры ол 1580 жылы сәуір айында Шарабхана өзені бойында өзімен кездесуге келген Жалым сұлтанды және оның екі ұлын, Хақназар ханның екі ұлын қапыда өлтіреді де, Хақназар ханды өлтіруге ең сенімді адамдарын аттандырады. Осылайша, Хақназар хан 1580 жылы сәуір айының соңында қаза табады. (Хақназардың Баба сұлтан өлтірген аты белгісіз екі ұлынан басқа Мұңғытай сұлтан және Дін-Мұхаммед сұлтан атты тағы екі ұлы болған. Олардың ұрпақтары туралы мәліметтер жоқ). Ал 1580 жылдың 10 маусымындағы оқиғаларда қазақ ханы деп Хақназар ханның немере туысы, Жәдік сұлтанның ұлы, ұзақ жылдар бойы Қазақ хандығының қисайған туын Хақназар ханмен бірге көтеріскен Шығай ханның есімі атала бастайды. Хақназар ханның қаза табуынан соң 20 жылдан астам уақыттан кейін Қадырғали Жалайыр осы оқиға жөнінде: «...Хақназар хан өз араларында болған қақтығыстарда қаза болған», – деп жазады.

Хақназар хан 40 жылдан астам билікте болып, Қазақ хандығының тарихындағы қайта өрлеу кезеңіне жол ашып береді. Тумысынан текті әулеттің өкілі ұлы мақсат жолындағы күрестерде шындалып өсіп, ірі мемлекет қайраткері, мықты ұйымдастырушы, шебер дипломат, даңқты қолбасшы ретінде тарихта қалды.

Хандық билікте болған жылдары, әсіресе ол XVI ғасырдың 60-70-жылдары бұрынғы Алтын Орда аумағында құрылған Қырым хандығы, Сібір хандығы, Ноғай Ордасы және Мәскеу княздығы секілді күшті мемлекеттер қатарына Қазақ хандығын енгізеді, онымен санасуға қарсыластарын мәжбүр етеді. Сол арқылы Хақназар хан сол жылдардағы ең беделді және танымал тұлғалардың біріне айналады.

Отандық тарихнамада зерттеушілердің бәрі Хақназар ханның тарихи болмысы мен жеке тұлғасына өте жағымды бағаларын береді. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің үлгілерін

жинаушы, шежіреші, фольклортанушы, этнограф, тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы(1858-1931) өзінің «Қазақ хандары», «Қазақ түбі» атты еңбектерінде Хақназар ханға «қайратты, батыр хан» деген бағалар береді. Ол Хақназар ханды орыс авторларының еңбегіне сай – Ақназар хан деп жазады. «Қазақ түбі» еңбегінің (бірінші нұсқасында) «...Қасымнан соң баласы Ақназар хан болып, бұл Ақназар өзбек ханы Шайбаныларды жеңіп, ноғай ханы Көшімді қорғалатып, орысқа тығылдырып, ол уақыттағы орыс князі төртінші Иван Ақназарға елші салып, сауда араластырып, керуен қатынастыру үшін елдесіп, Ақназар қазақты Қасым хан тұсындағы қалпына бір келтірді», – десе, «Қазақ хандары» атты еңбегінде (1-үлгі) «...Қасым хан өлген соң, балалары баққа, таққа таласып, ноғай өзбек, қалмақ – үшеуі үш жақтан жау болып, быт-шыт болыңқырап, Қасым ханның бел баласы Ақназарды хан көтеріп, бұл Ақназар «қайратты, батыр хан» атанып, өзбек ханы шибаниларды көтінен пыстыртып, Ноғай ханы Көшім ханды қорғалатып, үйінен шыға алмастай етіп, орыстың ол уақыттағы патшасы Төртінші Иван Ақназарға елші жіберіп, «Жауласпайық, сауда араластырып, керуен жүргізіп, тұрысайық!», – деп Ақназар хан қазақты Қасым хан тұсындағы [қалпына] бір түсірген [е]кен», – деп нақтылай түседі.

Белгілі тарихшы Т.И. Сұлтанов Хақназар ханның тарихи болмысын былайша түйіндейді: «Хақназар хан әкесі секілді кең көлемдегі саяси қайраткер болды. ...Ол шынында Ұлы Дала көшпелілерінің күнделікті өміріне қажетті талаптарды мемлекеттің саясатымен ұштастыра білген ақылды әрі шебер билеуші бола білді. Ол саяси жағдайларды өте дәл сезіне білді және өз кезінің артықшылығын тиімді қолдана алды».

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры